

**№\_\_ САТЫП АЛУ-САТУ ШАРТЫ**

\_\_\_\_\_ к. " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ жыл

«БЖЗҚ» АҚ, бұдан әрі «Сатушы» деп аталатын, \_\_\_\_\_ негізінде іс-әрекет ететін \_\_\_\_\_ арқылы, бір жағынан, және \_\_\_\_\_, бұдан әрі «Сатып алушы» деп аталатын (занды тұлғалар үшін \_\_\_\_\_ негізінде іс-әрекет ететін \_\_\_\_\_ арқылы), екінші жағынан, бұдан әрі бірлесе отырып – Тараптар деп аталатындар, төмендегілер туралы осы Шартты жасасты:

**1. ШАРТ МӘНІ**

1.1. Сатушы Сатып алушының меншігіне береді, ал Сатып алушы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ жылғы Сатушы жүргізген аукцион қорытындысының негізінде және осы Шартқа № 1 қосымшада көрсетілген осы Мүлік шартының талаптарына (бұдан әрі - Мүлік) сәйкес төлейді және қабылдайды.

**2. МҮЛІК ҚҰНЫ ЖӘНЕ ЕСЕП АЙЫРЫСУ ТӘРТІБІ**

2.1. Сатып алушыға берілетін Мүліктің толық құны Сатып алушы бұрын енгізген \_\_\_\_\_ ( \_\_\_\_\_ ) теңге мөлшеріндегі кепілдік жарна сомасы есебімен \_\_\_\_\_ ( \_\_\_\_\_ ) теңгені құрайды (бұдан әрі – Мүліктің толық құны) және азаю жағына қарай өзгертілмейді.

2.2. Сатып алушы бұрын енгізген кепілдік жарна сомасын есептемегенде Сатушы жүргізген аукцион қорытындылары бойынша Тараптар осы шартты жасаған күнге белгіленген Мүліктің толық құнын Сатып алушы осы Шартқа Тараптар қол қойған күннен бастап 5 (бес) операциялық күн ішінде теңгемен қолма-қол ақшасыз тәртіпте аудару жолымен төлейді.

**3. МҮЛІКТІ ҚАБЫЛДАУ-ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ**

3.1. Мүлік Сатып алушыға Тараптар қол қоятын Мүлікті қабылдау-өткізу актісі негізінде Мүліктің Толық құны Сатушының шотына түскеннен кейін 5 (бес) операциялық күн ішінде беріледі.

3.2. Мүлік Тараптар қабылдау-өткізу актісіне қол қойған күннен бастап берілген болып саналады.

**4. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

4.1. Сатушы:

1) Сатып алушыға осы Шарттың талаптарына сай Мүлікті беруге;  
2) қажеттілігіне қарай қолда бар құжаттарды беру және Сатып алушы осы Шартты уәкілетті органдарда (қажет болса) тіркеу кезінде олардың сақталуын бақылау үшін жауапты қызметкерді тағайындауға міндеттенеді.

4.2. Сатып алушы осы Шарттың 2.1-тармағында көрсетілген Мүліктің толық құнын уақытында төлемеген және/немесе толық төлемеген жағдайда Сатушы осы Шартты бір жақты тәртіпте бұзуға құқылы.

4.3. Сатып алушы:

1) Сатушыға осы Шарттың 2.2-тармағында көзделген тәртіпте Мүліктің Толық құнын төлеуге;

2) осы Шарт бойынша толық төлемді жүргізгеннен кейін Тараптар қол қойған қабылдау-өткізу актісінің негізінде Сатушыдан Мүлікті (қажеттілігіне қарай оған құжаттарды қосып беру) қабылдауға;

3) Сатушы Мүлікті бергеннен кейін (қажеттілігіне қарай оған құжаттарды қосып беру) уәкілетті орган белгіленген мерзімде (қажет болса) және өз есебінен Мүлікке меншік құқығын дербес ресімдеуге міндеттенеді.

## 5. МЕНШІК ҚҰҚЫҒЫ

5.1. Мүлікке меншік құқығы Сатушы бүкіл Мүлікті берген және Сатып алушы толық көлемде осы Шарт бойынша төлемді жүргізген сәттен бастап, ал Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде көзделген жағдайларда Сатып алушы осы Шарт бойынша толық көлемде төлемді жүзеге асыру талабымен осы шарттың талаптарына сәйкес уәкілетті органда Мүлікті тіркеген сәттен бастап Сатып алушыға өтеді.

## 6. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

6.1. Тараптар осы Шарттың талаптарын орындамаған немесе тиісті орындамаған жағдайда, Тараптар Қазақстан Республикасы заңнамасында және осы Шарттың талаптарында көзделген жауапкершілікті тартады.

6.2. Сатып алушы осы Шарттың 4.3-тармағында көзделген өз міндеттемелерін орындамаған жағдайда, Сатушы осы шартты біржақты тәртіпте бұзуға құқылы. Бұл ретте Сатып алушы енгізген кепілдік жарна оған қайтарылмайды және Сатушының кірісіне есептеледі.

6.3. Тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлеу Сатып алушыны осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудан босатпайды.

## 7. ФОРС-МАЖОР

7.1. Тараптар су тасқыны, өрт, зілзала, апат, қоршауда қалу, ереуіл, соғыс қимылдары және Тараптар болжап біле алмайтын және осы Шарттың орындалуына тікелей әсерін тигізетін басқа жағдайлардың салдарынан осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісті орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады. Тежеусіз күш жағдайларының ықпалына түскен Тараптардың міндеттемелерді орындау мерзімі осындай жағдайлар орын алған кезеңге ұзартылады.

7.2. Осы Шарттың 7.1-тармағында көрсетілген жағдайлар 3 (үш) айдан астам мерзімге созылса, онда Тараптар осы Шарт бойынша міндеттемелерді ары қарай орындаудан бас тартуға құқылы. Бұл ретте Тараптардың ешқайсысы келесі Тараптан қандай да бір шығындардың өтеуін талап ете алмайды.

7.3. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау мүмкін болмаған Тарап дереу, бірақ 5 (бес) күнтізбелік күннен кешіктірмей келесі Тарапқа осы Шарттың 7.1.-тармағында көрсетілген жағдайлардың басталғандығы және тоқтатылғандығы туралы хабар етуге, сондай-ақ дәлел үшін жоғарыда көрсетілген жағдайлар орын алған, мемлекеттің уәкілетті органы берген құжатты беруге міндетті.

## 8. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ

8.1. Осы Шарттың талаптарына орындау барысында келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар оларды соттан тыс тәртіпте реттеу үшін барлық қажетті шараларды қабылдауға міндеттенеді.

8.2. Тараптар өзара келіспеген жағдайда, дау Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес сот арқылы шешіледі.

## 9. БАСҚА ТАЛАПТАР

9.1. Осы шарт:

- 1) Тараптардың келісімі;
- 2) форс-мажор жағдайлары туындау;
- 3) сот шешімі;
- 4) осы Шартта көзделген талаптар бойынша Сатушы бір жақты тәртіпте;
- 5) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген басқа негіздерде бұзылуы мүмкін.

9.2. Тараптардың бірі қайта ұйымдастырылған/мұраға берілген жағдайда Шарт бойынша құқықтар мен міндеттер тоқтатылады және құқықтық мирасқорларға (мұрагерлерге) өтеді.

9.3. Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаған кезде Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасын және осы Шарттың талаптарына басшылыққа алады.

9.4. Осы Шарт оған Тараптар қол қойған күннен бастап күшіне енеді, ал Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде көзделген жағдайларда оны уәкілетті органда тіркеген күннен бастап күшіне енеді және Тараптар ол бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін қолданылады.

9.5. Осы Шартқа барлық өзгерістер мен толықтырулар қосымша келісіммен ресімделеді және Тараптардың уәкілетті тұлғаларымен қол қойылады.

9.6. Осы Шарт мемлекеттік және орыс тілінде екі данада жасалған, әрқайсысының заңды күші бірдей: әр Тарап үшін бір данадан беріледі.

Мемлекеттік және орыс тіліндегі осы Шарттың мәтіндері арасында қарама-қайшылықтар болған жағдайда, Тараптар орыс тіліндегі шартты қарауға келісті.

#### 10. ТАРАПТАРДЫҢ ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ ЖӘНЕ ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ

Сатушы

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

СТН \_\_\_\_\_

шот \_\_\_\_\_

код \_\_\_\_\_

Сатушыдан

\_\_\_\_\_

Сатып алушы

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

СТН \_\_\_\_\_

шот \_\_\_\_\_

код \_\_\_\_\_

Сатып алушыдан

\_\_\_\_\_